

Денисов ауданының Фрунзенское және Красноармейское ауылдарының шаруашылық-ауыз су тартуы үшін № 453705ц, № 453705ц-1 ұңғымалары учаскесінде санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 тамыздағы № 284 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 тамызда № 9404 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Денисов ауданының Фрунзенское және Красноармейское ауылдарының шаруашылық-ауыз су тартуы үшін № 453705ц, № 453705ц-1 ұңғымалары учаскесінде санитарлық қорғау аймағы белгіленсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов

Әкімдіктің
2020 жылғы 24 тамыздағы
№ 284 қаулысына
қосымша

**Денисов ауданының Фрунзенское және Красноармейское ауылдарының
паруашылық-ауыз су тартуы үшін № 453705ц, № 453705ц-1 ұңғымалары учаскесінде
санитарлық қорғау аймағы**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймағының көлемі					
	I – белдеу		II – белдеу		III – белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
Су тарту ұңғымалары: № 453705ц, № 453705ц-1	Ұзындығы – 100 метр Ені – 155 метр	1,6 гектар	Ұзындығы – 115 метр Ені – 165 метр	1,9 гектар	Радиус – 574 метр	103,5 гектар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК